

**Бекітемін**  
Қостанай облысы әкімдігі  
денсаулық сақтау басқармасының  
«Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу  
және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМК  
бас дәрігері  
М.С.Кузембаев  
2022 жылғы «03» наурыз № 44 -О бұйрығы  
және 11.03.2022 жылғы № 47 бұйрық

Медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу бойынша тендерге қатысу және тендерлік өтінімдерді дайындау үшін әлеуетті өнім берушілерге тендер ұйымдастырушы ұсынатын

## ТЕНДЕРЛІК ҚҰЖАТТАМА

**Тапсырыс беруші** Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМК (мекенжайы 110000 Қостанай қаласы Амангелді көш 134, БСН 171040015102, БСК ІРТҮКЗКА, ЖСК KZ1396513F0007528009 «ForteBank» АҚ, e-mail:kst\_oc\_aids@mail.ru.).

**Тендер ұйымдастырушысы** Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМК (мекенжайы 110000 Қостанай қаласы Амангелді көш 134, БСН 171040015102, БСК ІРТҮКЗКА, ЖСК KZ1396513F0007528009 «ForteBank» АҚ, e-mail:kst\_oc\_aids@mail.ru.).

Тендерлік құжаттама тегін ұсынылады.

### 1 - тарау. Жалпы ережелер

1.Тендер медициналық мақсаттағы бұйымдардың өнім берушілерін анықтау мақсатымен өткізіледі. Сатып алынатын медициналық мақсаттағы бұйымдардың толық тізбесі осы Тендерлік құжаттаманың 1,2 қосымшасында көрсетілген.

2.Тендерге бөлінген сомма 17 920 000,00 теңге (он жеті миллион тоғыз жүз жиырма мың) теңге 00 тиын.

3.Төлем шарты:Қостанай облысының қаржы басқармасымен бюджеттік қаражаттарды бөлу бойынша жөнелтпе құжаттарды, шот-фактураларды ұсыну бойынша, толық көлемде жеткізу фактісі бойынша төлемі теңгеде. Сатып алынатын медициналық мақсаттағы бұйымдардың жалпы сомасынан 30 (отыз) пайыз мөлшерінде аванс беруге рұқсат етіледі.

4.Әлеуетті өнім беруші төлемнің балама шарттарын, немесе басқа шарттар және олармен байланысты нақты баға жеңілдіктерін ұсынуы мүмкін. Сонымен қатар әлеуетті өнім беруші өзінің тендерлік өтінімінде бұл жағдайда қандай баға жеңілдігін ұсынатынын көрсетуі тиіс.

5.Әлеуетті өнім берушілерге қойылатын талаптар.

Әлеуетті өнім беруші мынадай біліктілік талаптарына сәйкес болуы тиіс:

1)құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін). азаматтық әрекет ету қабілеттілігінің болуы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

2)тиісті фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға құқығы;

3)тендерлік комиссияның (комиссияның) мүшелерімен және хатшысымен, сондай-ақ тендерлік комиссия (Комиссия) қабылдайтын шешімдерге тікелей және (немесе) жанама түрде шешім қабылдауға және (немесе)ықпал етуге құқығы бар тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының немесе бірыңғай дистрибьютордың өкілдерімен үлестес емес;

4) төлем қабілеттілігінің болуы, салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары және (немесе) жарналары бойынша берешегінің болмауы;

5) банкроттық не таратылу рәсіміне жатпауы;



Осы тармақтың талаптары шетелдік тауар өндірушілерден, Халықаралық фармацевтикалық ұйымдардан және Біріккен Ұлттар Ұйымы құрған халықаралық ұйымдар арқылы сатып алуды жүзеге асыру кезінде қолданылмайды.

Сатып алу кезінде осы Қағидаларда көзделмеген талаптар қойылмайды.

Әлеуетті өнім беруші бір лот бойынша сатып алу шеңберінде, хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттары бойынша оның жиынтықтылығы талап етілетін жағдайды қоспағанда, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның бір саудалық атауын ұсынады.

6.Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге арналған сатып алынатын және босатылатын, оның ішінде фармацевтикалық қызметтерді, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алу кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) Кодекстің ережелеріне және дәріханаларда дайындалған дәрілік препараттарды, Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен орфандық препараттар тізбесіне енгізілген орфандық препараттарды, Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тіркелмеген дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды қоспағанда, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеудің болуы, құрамына кіретін және дербес бұйым немесе құрылғы ретінде пайдаланылмайтын жинақтауыштарды сатып алу кезінде – Қазақстан Республикасында бірыңғай жылжымалы медициналық кешен ретінде мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылады.

Жиынтықтаушы медициналық техниканы (жеткізу жиынтығын) тіркеу қажеттілігінің болмауы сараптама ұйымының немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның хатымен расталады;

2) сипаттаманың немесе техникалық ерекшеліктің сатып алуға арналған хабарландыру немесе шақыру шарттарына сәйкестігі.

Бұл ретте, медициналық техниканың ұсынылатын функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларының техникалық ерекшелік талаптарына асып кетуіне жол беріледі;

3) Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган берген қорытынды (рұқсат беру құжаты) негізінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген тіркелмеген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды қоспағанда, бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасын, хабарландырудағы немесе сатып алуға шақырудағы бағаны ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен халықаралық патенттелмеген атау және (немесе) сауда атауы (бар болса) бойынша шекті бағаларды асырмау;

4) Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес олардың қауіпсіздігін, тиімділігін мен сапасын сақтауды қамтамасыз ететін жағдайларда сақтау және тасымалдау;

5) Қазақстан Республикасына тіркелмеген дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды әкелу жағдайларын қоспағанда, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды таңбалаудың, тұтыну орамасының және қолдану жөніндегі нұсқаулықтың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкестігі;

б) дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың Тапсырыс берушіге жеткізу күніне жарамдылық мерзімі мыналарды құрайды:

қаптамадағы көрсетілген жарамдылық мерзімінің кемінде елу пайызы (жарамдылық мерзімі екі жылдан кем болған кезде);

қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімінен кемінде он екі ай (жарамдылық мерзімі екі жыл және одан астам болған кезде);

фармацевтикалық қызметті жеткізу немесе көрсету санын, сапасын және мерзімдерін шарт талаптарына сақтау.



7) 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11), 12) тармақшаларда көзделген талаптар және осы Қағидалардың 18-тармағының 13) тармақшасын өнім беруші жеткізу немесе сатып алу шартын орындау кезінде растайды.

Тапсырыс беруші, сатып алуды ұйымдастырушы, Бірынғай дистрибьютор дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға осы Қағидаларда көзделмеген талаптарды белгілемейді.

Әлеуетті өнім беруші бір лот бойынша сатып алу шеңберінде, хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттары бойынша оның жиынтықтылығы талап етілетін жағдайды қоспағанда, дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның бір саудалық атауын ұсынады.

## 2-тарау. Тендерлік құжаттама

1.Тендерлік құжаттама мыналарды қамтиды:

Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы осы Қағидаларға сәйкес дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған тендерлік құжаттаманы бекітеді, ол олардың интернет-ресурсында орналастырылады және мыналарды қамтиды (сатып алу нысанасына қарай):

1) осы Қағидалардың тендерлік құжаттаманың 3-тарауының талаптарына сәйкестігін растау үшін әлеуетті өнім беруші ұсынуға тиіс тендерлік құжаттаманың құрамын, құжаттар тізбесін;

2) техникалық ерекшеліктерді қоса алғанда, сатып алынатын тауарлардың техникалық және сапалық сипаттамаларын;

3) сатып алынатын медициналық мақсаттағы бұйымдардың көлемін және әрбір лот бойынша оларды сатып алу үшін бөлінген сомаларды;

4) медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізу талаптары, мерзімдері және орны;

5) тауарларды сатып алу туралы төлем шарттарын және шарттың жобасын;

6) тендерлік өтінімнің, сатып алу шартының тіліне қойылатын талаптарды;

7) тендерлік өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптарды;

8) тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу тәртібін, нысаны мен мерзімдерін;

9) тендерлік өтінімді кері қайтарып алу мүмкіндігі мен тәртібін көрсетуді;

10) тендерлік өтінімдерді қабылдау орны мен соңғы мерзімін және олардың қолданылу мерзімін;

11) әлеуетті өнім берушілердің тендерлік құжаттаманың мазмұны қажет болған кезде олармен кездесу өткізу тәртібі бойынша түсініктеме алу үшін жүгіну нысандарын;

12) тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу орнын, күнін, уақыты мен рәсімін;

13) тендерлік өтінімдерді қарау рәсімін;

14) әлеуетті өнім берушілерге – отандық тауар өндірушілерге Қағидаларда айқындалған қолдау көрсету шарттарын;

15) сатып алу шартын кепілдікті қамтамасыз етуді енгізу шарттарын, нысанын, көлемі мен тәсілін;

16) нысан сәйкес біліктілік туралы мәліметтерді (Осы тендерлік құжаттамаға 6 қосымша);

17) осы тендерлік құжаттаманың 5-тарауында белгіленген тауарларға қойылатын талаптарды.

### 2. Тендерлік құжаттаманы түсіндіру.

1) Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде тапсырыс берушіге, сатып алуды ұйымдастырушыға тендерлік құжаттама бойынша түсініктеме беруге жүгінеді. оларға тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей сұрау салу авторын көрсетпей, сұрау салу келіп түскен күнге тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберілетін түсініктеме береді.

2) Сатып алуды ұйымдастырушы қажет болған кезде тендерлік құжаттамада айқындалған тендер шарттарын түсіндіру үшін Қостанай к., Амангелді көшесі, 134 мекен-жайы бойынша орналасқан Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау Басқармасының «Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМҚК-нда бухгалтерия кабинетінде әлеуетті өнім берушілермен кездесу өткізеді, бұл туралы кездесудің барысы және мазмұны туралы мәліметтерді қамтитын хаттама жасалады, ол тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттама алған барлық әлеуетті өнім берушілерге жіберіледі.

### 3. Тендерлік құжаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

1)Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік жеті күннен кешіктірілмейтін мерзімге тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қажеттілік болған кезде өз бастамасымен немесе әлеуетті өнім берушілердің сұрау салуларына жауапқа тендерлік құжаттамаға өзгерістер енгізеді, бұл туралы тендерлік өтінімдер ұсынған немесе тендерлік құжаттаманы алған барлық әлеуетті өнім берушілерге дереу хабарланады. Бұл ретте тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік бес күнге ұзартылады.

### **3-тарау. Тендерлік өтінімдерді ресімдеуге қойылатын талаптар, оны ұсыну, өзгерту және кері қайтарып алу.**

1.Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді желімделген түрде тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады.

2.Тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін түскен тендерлік өтінім ашылмайды және әлеуетті өнім берушіге қайтарылады.

3.Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдер түпкілікті қабылданған күннен бастап есептелетін кемінде күнтізбелік қырық бес күнді құрайды. Қолданылу мерзімі неғұрлым қысқа тендерлік өтінім қабылданбауға тиіс.

4.Тендерлік өтінім негізгі бөліктен, техникалық бөліктен және кепілдікті қамтамасыз етуден тұрады. Бірлесіп орындаушы тартылған жағдайда, әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімге тармақшаларда көрсетілген құжаттарды қоса береді 2), 3), 4), 5), 6) және 7) осы Қағидалардың 58-тармағының.

### **5.Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:**

1)тендерге қатысуға арналған өтінім денсаулық сақтау облысында уәкілетті органмен бекітілген нысан бойынша. Электрондық жеткізгіште өтінімге қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі ұсынылады;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

3)заңды тұлға үшін жарғының көшірмесі (егер жарғыда құрылтайшылардың, қатысушылардың немесе акционерлердің құрамы көрсетілмесе, құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе құрылтай шартының көшірмесі немесе хабарландыру күнінен кейінгі қолданыстағы акция ұстаушылардың тізілімінен үзінді ұсынылады);

4) заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін, тиісті мемлекеттік орган берген құжаттың көшірмесін, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) мәліметтері мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын, рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жіберілген) рұқсаттардың (хабарламалардың) не электрондық құжат түріндегі рұқсаттардың (хабарламалардың) көшірмелері. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, әлеуетті өнім беруші рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (жолданған) тиісті рұқсаттың (хабарламаның) нотариат куәландырған көшірмесін ұсынады;

6) конверттерді ашу күнінің алдындағы бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салықтық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер;

7) сертификат көшірмелері (бар болса);

объектінің және өндірістің тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы;

объектінің тиісті дистрибуторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы;

объектінің тиісті дәріхана практикасының (GPP)талаптарына сәйкестігі туралы;

8)Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша баға ұсынысы;

9)тендерлік өтінімнің кепілдік қамтамасыз етуін енгізуді растайтын құжаттың түпнұсқасы;

### **6.Тендерлік өтінімнің техникалық бөлігі мыналарды қамтиды:**



1) өтініш берілген дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтің нақты техникалық сипаттамалары көрсетілген техникалық ерекшеліктер қағаз жеткізгіште (медициналық техниканы өтініш жасаған кезде, сондай-ақ docx форматында электрондық жеткізгіште) көрсетіледі;

2) дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың не Қазақстан Республикасына әкелуге және қолдануға Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның қорытындысының (рұқсатының) көшірмесі;

3) дәрілік заттардың айналысы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сақтау және тасымалдау үшін жағдайлардың болуын тексеру актісінің көшірмелері, әлеуетті өнім берушімен тиісті дистрибуторлік практика GDP сертификатын ұсыну жағдайларын қоспағанда, осы Қағиданың 14 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, қажет болған кезде "салқындату тізбегінің" болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі ұсынылмаған;

Әлеуетті өнім беруші қажет болған кезде өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін оны жазбаша нысанда кері қайтарып алады.

Тендерлік өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімдерге өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Тендерлік өтінім тігілген және нөмірленген түрде ұсынылады, соңғы беті қолмен бекітіледі.

Тендерлік өтінімнің техникалық ерекшелігі және сатып алуды кепілдікті қамтамасыз етудің түпнұсқасы тендерлік өтінімге бөлек қоса беріледі және тендерлік өтініммен бір конвертке желімденеді.

Тендерлік өтінім басылып шығарылады не өшірілмейтін сиямен жазылады және оған әлеуетті өнім беруші қол қояды. Грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болатын жағдайларды қоспағанда, тендерлік өтінімнің мәтініне жолдар арасына қосымша жазулар, өшірілген сөздер немесе толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Тендерге қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін тендерлік құжаттама ережелеріне сәйкес жасалған тендерлік өтінімді желімделген түрде тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға ұсынады. Тендерлік өтінім әлеуетті өнім берушінің атауы мен заңды мекенжайы көрсетілетін конвертке желімденеді. Конверт тендерлік құжаттамада көрсетілген 110000, Қостанай қ., Амангелді көшесі, 134, 310 кабинет Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау Басқармасының «Қостанай облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күресу жөніндегі орталығы» КМҚК мекенжайы бойынша тапсырыс берушіге немесе сатып алуды ұйымдастырушыға жіберілуге тиіс және деген сөздерді қамтиды:

**«Медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу жөніндегі тендер» және «2022 жылы «29» наурызда 11 сағат 00 минутқа дейін ашпаңыз».**

Тендерлік өтінімдер тендер ұйымдастырушысына қолма қол немесе электронды пошта бойынша: индекс 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай қаласы, Амангелді көшесі 134 мекенжайы бойынша **2022 жылы «29» наурыздаға дейін қоса сағат 10.00-ге дейін ұсынылады.**

**Тендерлік өтінімдері бар конверттер тендерлік комиссиямен Қостанай қаласы, Амангелді көшесі 134 мекенжайы бойынша 2022 жылы «29» наурызда сағат 11.00-де ашылады.**

Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері қатыса алады.

Әлеуетті өнім беруші өкілінің өкілеттіктері тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу алдында осы өкіл ұсынатын сенімхат түрінде жазбаша расталуға тиіс.

Қатысып отырған әлеуетті өнім берушілер не олардың уәкілетті өкілдері 2022 жылғы «29» наурызда сағат 10.00-ден 10.30-ға дейін өзінің қатысуын растай отырып, конверттерді ашу рәсіміне қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім берушілерді тіркеу журналына тіркелуге тиіс

Әлеуетті өнім беруші тендерге қатысу үшін ұсынған тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі кемінде күнтізбелік қырық бес күн болуға тиіс.

#### 4 - тарау. Тендерлік өтінімнің кепілдігін қамтамасыз ету

1. Әлеуетті өнім беруші тендерлік өтініммен бірге сатып алу үшін бөлінген сомадан бір пайыз мөлшерде кепілдікті қамтамасыз етуді енгізеді.

Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) мынадай:

1) тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын сатып алуды ұйымдастырушылар үшін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдікті ақшалай жарна;

2) Денсаулық сақтау облысында уәкілетті органмен бекітілген банк кепілдігі.

Тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші ақшалай жарна кепілдік түрінде тендерді ұйымдастырушының тиісті шотына салады (**мекенжайы 110000 Қостанай қаласы Амангелді көш 134, БСН 171040015102, БСК IRTYKZKA, ЖСК KZ1396513F0007528009 «ForteBank» АҚ, e-mail:kst\_oc\_aids@mail.ru.**)

2.Кепілдікті қамтамасыз етудің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімінен кем болмайды.

3.Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге бес жұмыс күні ішінде мынадай:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін әлеуетті өнім беруші оны кері қайтарып алған;

2) тендерлік құжаттаманың ережелеріне сәйкес келмеу негіздемесі бойынша тендерлік өтінім қабылданбаған;

3) басқа әлеуетті өнім беруші тендердің жеңімпазы деп танылған;

4) сатып алу рәсімдері тендердің жеңімпазын анықтамай тоқтатылған;

5) сатып алу шарты күшіне енген және тендер жеңімпазы сатып алу шартын орындауды кепілдікті қамтамасыз етуді енгізген жағдайларда қайтарылады.

4.Кепілдікті қамтамасыз ету әлеуетті өнім берушіге, егер ол:

1) тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін тендерлік өтінімді кері қайтарып алса немесе өзгертсе;

2) тендердің жеңімпазы деп танылғаннан кейін жеңімпаз сатып алу шартын жасаудан жалтарса;

3) жеңімпаз деп танылса және сатып алу шартты кепілдікті қамтамасыз етуді енгізбесе не уақтылы енгізбесе қайтарылмайды.

#### 5- тарау. Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу уақыты, күні және орны.

1.Тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік өтінімдерді қабылдаудың соңғы күнінен бастап есептелетін кемінде күнтізбелік қырық бес күнді құрайды.

2.Тендерлік өтінімдер салынған конверттер тендерлік комиссия аудио-бейне тіркеуді қолдана отырып, тендерлік құжаттамада айқындалған уақыт және орын бойынша ашады.

3.Тендерлік өтінімдер салынған конверттерді ашу рәсіміне әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері қатыса алады.

4.Тендерлік комиссияның хатшысы конверттерді аша отырып, олардан тендерлік өтінімдер келіп түскен әлеуетті өнім берушілердің атауы мен мекенжайын, әрбір лот бойынша мәлімделген бағаларды, беру мен ақы төлеу шарттарын, тендерлік өтінімдерді кері қайтарып алу тәртібін, тендерлік өтінімді құрайтын құжаттар туралы ақпаратты хабарлайды және осы мәліметтерді конверттерді ашу хаттамасына енгізеді.

#### 6 - тарау. Тендерлік өтінімдерді салыстыру және бағалау

1.Тендерлік комиссия тендерлік өтінімдерге бағалау және салыстыруды жүзеге асырады. Әлеуетті өнім берушілердің банкроттық не тарату рәсімдеріне қатыстылығы бөлігінде олардың біліктілік талаптарына сәйкестігін нақтылау мақсатында конкурстық комиссия банкроттық немесе тарату рәсімдерінің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылған ақпаратты олардың жосықсыз әлеуетті өнім берушілерінің тізбесінде болуы бөлігінде қарайды, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсындағы ақпаратты қарайды.

2.Тендерлік комиссия мынадай:



1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тендерлік өтінімді кепілдікті қамтамасыз ету ұсынылмаған;

2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмелері не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама ұсынылмаған;

3) жарғының көшірмесі немесе құрылтайшылардың, қатысушылардың құрамы туралы үзінді немесе акция ұстаушыларының тізілімінен үзінді немесе осы Қағидаларда көзделген жағдайларда құрылтай шартының көшірмесі ұсынылмаған;

4) тиісті мемлекеттік орган берген заңды тұлғаны құрмай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқық беретін құжаттың көшірмесі, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі ұсынылмаған (кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлға үшін);

5) Фармацевтикалық қызметке және (немесе) Есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымы саласында мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның, не «рұқсаттар және хабарламалар туралы» заңға сәйкес алынған электрондық құжат түріндегі көшірмелерін ұсынбау, мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде мәліметтер болмаған жағдайда, "рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңға сәйкес алынған фармацевтикалық қызметке және (немесе) есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыруға арналған тиісті лицензияның, медициналық бұйымдарды көтерме және (немесе) бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаның нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынбау;

6) конверттерді ашу күнінің алдында бір айдан ерте емес "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған салық төлеушінің салық берешегінің, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешегінің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтер ұсынылмаған;

7) тиісті мемлекеттік кірістер органының құжаттарында салық берешегі, міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар бойынша берешек (олар бойынша төлем мерзімдері өзгертілген, берешектің жалпы сомасында көрсетілмеген сомаларды қоспағанда) туралы ақпарат болған;

8) техникалық ерекшелік ұсынылмаған;

9) әлеуетті өнім беруші тендерлік құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынған;

10) біліктілік туралы мәліметтер ұсынылмаған (Осы тендерлік құжаттамаға 6 қосымша);

11) банкроттық не тарату рәсіміне қатыстылығы; ;

12) ұсынылатын дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынбау;

13) дәрілік заттардың айналысы саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі берген дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медициналық техниканы сақтау және тасымалдау үшін жағдайлардың болуын тексеру актісінің көшірмелері, әлеуетті өнім берушімен тиісті дистрибьютерлік практика GDP сертификатын ұсыну жағдайларын қоспағанда, осы Қағиданың 14 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, қажет болған кезде "салқындату тізбегінің" болуы туралы санитариялық-эпидемиологиялық зерттеп-қарау актісі ұсынылмаған;

14) егер мәлімделген медициналық техниканың техникалық сипаттамасы тіркеу куәлігімен және (немесе) тіркеу дерекнамасымен айқындалған техникалық сипаттамаға және (немесе) жинақтамаға сәйкес келмесе;

15) осы реженің 16 тармағының талаптарына сәйкес келмесе;

16) осы ереженің 22,29 тармақтарымен белгіленген;

17) егер тендерлік өтінімнің қолданылу мерзімі тендерлік құжаттаманың талаптарында көрсетілгенге қарағанда неғұрлым қысқа болса;



18) денсаулық сақтау саласында өкілетті органмен бекітілген нысан бойынша баға ұынысын ұсыну немесе баға ұсынысын ұсынбау;

19) әлеуетті өнім берушінің тиісті лот бойынша сатып алу үшін бөлінген бағадан асатын дәрілік заттың және (немесе) медициналық бұйымның бағасын және (немесе) халықаралық патенттелмеген атаудың шекті бағасын және сауда атауының шекті бағасын ұсынуы;

20) тендерлік өтінім тігілмеген түрде, беттері нөмірленбей, қолмен куәландырылмай, конвертте әлеуетті өнім берушінің, тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының атауы немесе заңды мекенжайы көрсетілмей ұсынылған жағдайларда тұтастай немесе лот бойынша тендерлік өтінімді қабылдамайды.

21) әлеуетті өнім берушінің және (немесе) бірлесіп Орындаушының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

22) осы Қағидалардың талаптарын бұза отырып аффилиирлену фактісін анықтау.

3. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты өткізілмеді деп танылса, тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы тендердің мазмұны мен шарттарын өзгертеді және тендерді қайтадан өткізеді.

4. Егер тендер тұтастай немесе оның қандай да бір лоты тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келетін бір ғана өтінімнің берілуі негіздемесі бойынша өткізілмеді деп танылса, онда тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы осы өтінімді берген әлеуетті өнім берушіден сатып алуды бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырады.

5. Тендер тәсілімен сатып алу немесе оның қандай да бір лоты мынадай негіздемелердің бірі бойынша:

1) тендерлік өтінімдер ұсынылмаса;

2) егер бір әлеуетті өнім беруші жіберілсе, өткізілмеді деп танылады.

6. Тендер жеңімпазы тендерлік өтінімдері хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келеді деп танылған әлеуетті өнім берушілер арасында ең төмен баға ұсынысының негізінде айқындалады.

Лот бойынша бәсекелестік болмаған кезде немесе лот бойынша бәсекелестердің тендерлік өтінімдері қабылданбаған кезде тендерлік өтінімін тендерлік комиссия хабарландыру шарттары мен осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін жалғыз әлеуетті өнім беруші тендер жеңімпазы деп танылады.

## 7 тарау. Тендер қорытындылары туралы хаттама

1. Тендердің қорытындылары тендерлік өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде шығарылады, ол туралы хаттама жасалады, оған мыналар енгізіледі:

1) дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың немесе фармацевтикалық көрсетілетін қызметтердің атауы және қысқаша сипаттамасы; ;

2) сатып алу сомасы;

3) тендерлік өтінімдер ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атауы, орналасқан жері және біліктілік деректері;

4) тендерлік құжаттамаға сәйкес әрбір тендерлік өтінімнің бағасы мен басқа да шарттары;

5) тендерлік өтінімдерді бағалау мен салыстыруды баяндау;

6) тендерлік өтінімдерді қабылдамау негіздері;

7) тендердің әрбір лоты бойынша жеңімпаздың (лардың) атауы мен орналасқан жері және сауда атауын көрсете отырып, жеңімпаз анықталған шарттар;

8) сауда атауын көрсете отырып, ұсынысы жеңімпаздың ұсынысынан кейін екінші болып табылатын тендердің әрбір лотына қатысушының атауы мен орналасқан жері;

9) Егер тендер жеңімпазы айқындалмаса, негіздер;

10) сатып алу шартын жасасуға тиісті мерзім;

11) сараптама комиссиясын тарту туралы ақпарат.

2. Тендердің қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы қорытындылар хаттамасын Тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастыру арқылы тендердің нәтижелері туралы тендерге қатысқан әлеуетті өнім берушілерді хабардар етеді.

3. Тендердің қорытындылары туралы хаттама Тапсырыс берушінің немесе сатып алуды ұйымдастырушының интернет-ресурсында орналастырылады. Сатып алуды ұйымдастырушы қорытынды шығарылған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде Тапсырыс берушіге сатып алу қорытындылары хаттамасының куәландырылған көшірмелерін және жеңімпаз тауарларының техникалық ерекшелігін жібереді.

### **8 - тарау. Сатып алу туралы шартын жасасу тәртібі**

1. Тапсырыс беруші тендердің қорытындылары шығарылған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде әлеуетті өнім берушіге қол қойылған сатып алу шартын жібереді (Осы Тендерлік құжаттамаға 9 қосымша).

2. Шартты алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде тендердің жеңімпазы оған қол қояды не тапсырыс берушінің талаптарымен келіспейтіні немесе қол қоюдан бас тартатыны туралы жазбаша хабардар етеді. Көрсетілген мерзімде қол қойылған шартты немесе талаптармен келіспеу туралы хабарламаны ұсынбау шарт жасасудан бас тарту болып есептеледі. Келіспеушіліктерді шешу мерзімі екі жұмыс күнінен аспауға тиіс.

3. Сатып алу шарты немесе фармацевтикалық қызметтерді көрсетуге шарт, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзге көзделмесе, тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

4. Егер тендердің жеңімпазы белгіленген мерзімде сатып алу шартына қол қоюдан жалтарса немесе тапсырыс берушіге оның талаптарымен келіспейтіні туралы хабарламаса, онда тапсырыс беруші осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін және баға ұсынысы жеңімпаздың ұсынысынан кейін екінші болып табылатын тендерге қатысушымен шарт жасайды.

5. Шартқа өнім берушінің таңдау үшін негіз болып табылған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін қандай да бір өзгерістерді және (немесе) жаңа талаптарды енгізуге (тауар бағасын, көлемді азайтуды қоспағанда), оның ішінде шартта көрсетілген саудалық атауды басқа саудалық атаумен ауыстыруға жол берілмейді.

Өнім берушінің таңдау үшін негіз болып табылған сапа мен басқа да шарттар өзгермеген жағдайда, жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

1) тауарларға бағаны және тиісінше шарттың бағасын азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша;

2) тауарлардың көлемін азайту бөлігінде тараптардың өзара келісімі бойынша жол беріледі.

6. Тапсырыс берушінің не сатып алуды ұйымдастырушының сатып алу шартына қол қойылғанға дейін тауардың бағасын азайту мақсатында тендер жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушімен келіссөздер жүргізуіне жол беріледі. Әлеуетті өнім беруші қалауы бойынша тауардың бағасын азайтуға келісетіні немесе келіспейтіні туралы шешім қабылдайды, бұл тапсырыс берушінің тендер жеңімпазы болып танылған әлеуетті өнім берушімен шартқа қол қоюдан бас тартуы үшін негіз болып табылмайды.

### **9-тарау Сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу тәртібі**

1. Сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарттың (бұдан әрі – кепілдікті қамтамасыз ету) мазмұнын, нысанын және оны енгізудің талаптарын Тапсырыс беруші немесе сатып алуды ұйымдастырушы осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес айқындайды және олар тендерлік құжаттамаға, сатып алу шартына немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартқа енгізілуге жатады.

2. Кепілдікті қамтамасыз ету сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған Шарттың бағасынан үш пайызды құрайды және мынадай нысанда ұсынылады::

1) Тапсырыс берушіге Қызмет көрсететін банкте орналастырылатын ақша қаражаты түріндегі кепілдік жарна;

2) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес берілген банк кепілдігіне қолданылмайды.

3. Ақшалай қаражаттың кепілдік жарнасы түріндегі кепілдікті қамтамасыз етуді әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушінің тиісті шотына енгізеді.

4. Егер сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарттың бағасы тиісті қаржы жылына арналған айлық есептік көрсеткіштің екі мың еселенген мөлшерінен аспаса, кепілдікті қамтамасыз ету енгізілмейді.

5. Өнім беруші сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарттың орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді, егер ол өзгеше көзделмесе, ол күшіне енген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді.

6. Тапсырыс беруші сатып алу шартының немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шарттың орындалуын кепілдікті қамтамасыз етуді өнім берушіге мынадай жағдайларда қайтармайды:

1) Өнім берушінің шарттық міндеттемелерді орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты сатып алу шартын немесе фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты бұзу;

2) тауар жеткізілімі шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған (тауар беру мерзімдерін бұзу, сапасыз дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды беру және шарттың басқа да талаптарын бұзу);;

3) сатып алу шартында немесе фармацевтикалық қызметтер көрсету шартында көзделген орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін айыппұл санкцияларын төлемеген жағдайларда жол беріледі.

#### **10-тарау Тендерлік өтінімнің, сатып алу туралы шарттың тіліне қойылатын талаптар.**

1. Әлеуетті өнім беруші ұсынған тендерлік өтінім, сатып алу туралы шарт, сондай-ақ тендерлік өтінімге қатысты барлық хат-хабарлар мен құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тілде жасалады және ұсынылады. Әлеуетті өнім беруші ұсынатын ілеспе құжаттама мен баспа әдебиеті оларға тендерлік өтінім тіліндегі тиісті бөлімдердің дәл, нотариат куәландырған аудармасы қоса берілген жағдайда басқа тілде жасалуы мүмкін және бұл жағдайда тендерлік өтінімді түсіндіру мақсатында мемлекеттік немесе орыс тілінде жасалған құжаттар артықшылыққа ие болады.

#### **11-тарау Отандық тауар өндірушілерді және/немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өндірушілерін қолдау**

21. Егер лот бойынша сатып алуға отандық тауар өндіруші және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өндірушісі болып табылатын, сатып алуды жариялау немесе шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінімді ұсынған бір әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда, мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

22. Егер өтінімдері сатып алуды жариялау немесе шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін отандық тауар өндірушілер және (немесе) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің өндірушілері болып табылатын екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші лот бойынша сатып алуға қатысқан жағдайда, олардың арасындағы жеңімпаз ең төмен баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

23. Егер отандық тауар өндірушімен ұзақ мерзімді шарт жасасу мүмкіндігін болжайтын тендерде хабарландыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін бір өтінім берілсе, отандық тауар өндіруші болып табылатын әлеуетті өнім беруші онымен ұзақ мерзімді жеткізу шартын жасасады.

24. Сатып алуды өткізу кезінде әлеуетті өнім берушінің отандық тауар өндірушінің мәртебесі мынадай құжаттармен расталады:

1) Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес алынған дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру жөніндегі фармацевтикалық қызметке лицензия;

2) Кодекстің ережелеріне және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіпке сәйкес отандық тауар өндірушіні өндіруші ретінде көрсете отырып берілген дәрілік затқа немесе медициналық бұйымға тіркеу куәлігімен жүзеге асырылады.



Ұзақ мерзімді жеткізу шартына шарт немесе қосымша келісім жасасу кезінде жеткізілетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға отандық тауар өндіруші "СТ KZ" ішкі айналыс үшін дәрілік заттардың, медициналық бұйымдардың шығу тегі туралы сертификат береді.

25. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуетті өнім беруші-өндіруші мәртебесі мынадай құжаттармен расталады:

1) дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды өндіру жөніндегі фармацевтикалық қызметке лицензия;

2) Еуразиялық экономикалық одақты тіркеу және сараптау қағидаларына сәйкес келетін тіркеу куәлігімен (Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2016 жылғы 3 қарашадағы № 78 және 2016 жылғы 12 ақпандағы № 46 шешімдеріне сәйкес).

## 12-тарау Кәсіпкерлік бастаманы қолдау

1. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде шарттар жасасуға Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнама талаптарына сәйкес объектінің талаптарға сәйкестігі туралы сертификат алған әлеуетті өнім берушілердің артықшылығы бар:

1) дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу кезінде тиісті өндірістік практика (GMP);;

2) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету бойынша дәрілік заттар мен фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде тиісті дистрибьюторлық практикаға (GDP) қолданылмайды;

3) фармацевтикалық қызметтерді сатып алу кезінде Тиісті дәріханалық практиканы (GPP) қамтиды.

2. Сатып алу шартын немесе өтінімге жеткізу шартын жасасуға басымдық алу үшін:

1) отандық тауар өндірушілер дәрілік заттарды сатып алу және дәрілік заттарды берудің ұзақ мерзімді шарттарын жасасу кезінде объектінің және өндірістің Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған тиісті өндірістік практика (GMP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты қоса береді;

2) Әлеуетті өнім берушілер дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде объектінің Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты қоса береді;

3) әлеуетті өнім берушілер және (немесе) олардың бірлесіп орындаушылары фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде объектінің Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған тиісті дәріхана практикасының (GPP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификатты қоса береді.

3. Егер лот бойынша сатып алуға хабарландыру немесе шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін өтінімді ұсынған бір ғана әлеуетті өнім беруші және объектінің тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сертификат қатысса, мұндай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

4. Егер лот бойынша сатып алуға хабарландыру немесе сатып алуға шақыру шарттарына және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келетін тендерлік өтінімдерді және объектілердің тиісті өндірістік практика (GMP) немесе тиісті дистрибьюторлық практика (GDP) талаптарына сәйкестігі туралы сер

5. Егер лот бойынша сатып алуға дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінің деректеріне толық және дәл сәйкес келетін тіркеу куәлігін ұсынған екі және одан да көп әлеуетті өнім беруші немесе дәрілік затты және (немесе) медициналық бұйымды Қазақстан Республикасына әкелуге Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның рұқсатының (қорытындысының) нөмірі қатысса, басым құқық тіркеу куәлігін ұсынған әлеуетті өнім берушілерге беріледі, дәрілік заттардың және (немесе) медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімінің деректеріне толық және дәл сәйкес келетін, бұл ретте олардың арасындағы жеңімпаз ең төмен баға бойынша айқындалады, ал басқа әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері автоматты түрде қабылданбайды.

Лот №	Лоттың атауы	Өлш. бірл.	Саны	Сатып алу үшін бөлінген сома, тенге	Жеткізу шарты (ИНКО ТЕРМС сәйкес)	Жеткізу мерзімі	Жеткізу орны	Аванстық төлемнің мөлшері, %
1	3	4	5		7	8	9	10
1	Сарысудан және де басқа биологиялық сұйықтықтардан (материалдардан) ДНҚ/РНҚ автоматтандырылған магниттік бөлшектердің бөліп алу жүйесіне арналған нуклеин қышқылын экстракциялау жинағы, сонымен қатар, жинақ сарысудан, плазмадан және басқа сұйықтықтардан жоғары сапалы ДНҚ және РНҚ-ны жылдам әрі сенімді бөліп алу үшін пайдаланылады. Автоматтандырылған нуклеин қышқылдарын бөліп алу станциясымен бірге жеткізілуі тиіс. Сатып алынатын МЖ пайдалану кезеңіне жабық типті.	жинақ	400	17 920 000	DDP	Сәуір-80 жиынтық, мамыр-80 жиынтық, шілде-80 жиынтық, қыркүйек-80 жиынтық, қазан-80 жиынтық 2022 жыл ішінде	Қостанай қаласы, Амангелді көшесі, 134	0

Техникалық ерекшелік

Лот №	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
1	<p>Сарысудан және де басқа биологиялық сұйықтықтардан (материалдардан ) ДНҚ/РНҚ автоматтандырылған магниттік бөлшектердің бөліп алу жүйесіне арналған нуклеин қышқылын экстракциялау жинағы, сонымен қатар, жинақ сарысудан, плазмадан және басқа сұйықтықтардан жоғары сапалы ДНҚ және РНҚ-ны жылдам әрі сенімді бөліп алу үшін пайдаланылады. <b>Автоматтандырылған нуклеин қышқылдарын бөліп алу станциясымен бірге жеткізілуі тиіс. Сатып алынатын МЖ пайдалану кезеңіне жабық типті.</b></p>	<p>Сарысудан және де басқа биологиялық сұйықтықтардан (материалдардан) ДНҚ/РНҚ автоматтандырылған магниттік бөлшектердің бөліп алу жүйесіне арналған нуклеин қышқылын экстракциялау жинағы, сонымен қатар, жинақ сарысудан, плазмадан және басқа сұйықтықтардан жоғары сапалы ДНҚ және РНҚ-ны жылдам әрі сенімді бөліп алу үшін пайдаланылады. Параллельді үлгілерді жоғары өнімді өңдеуді жүзеге асырады. Бүкіл жұмыс процесі қауіпсіз, ыңғайлы және органикалық реагенттерді пайдалануды қажет етпейді. Бөлініп алынған нуклеин қышқылдары жоғары тазалау дәрежесімен сипатталады және оларды ғылыми зерттеулерде, геномика диагностикасында, түрлі ауруларды диагностикалауда, азық-түлік қауіпсіздігін бағалауда, сот-медициналық сәйкестендіруде және т. б. салаларда кеңінен қолдануға болады.</p> <p>Жұмыс принципі және жабдықталуы: белгілі бір жағдайларда магниттік бөлшектер теріс зарядталған нуклеин қышқылдарымен байланысқа кіреді. Осыдан кейін, нуклеин қышқылдарымен байланысқан магниттік бөлшектер магниттеледі де келесі ұяшықтарға тасымалданады және нуклеин қышқылыдарын экстракциялау процессінде арнайы магниттік шыбықтар арқылы автоматты түрде шығарылады. Жиынтықта кемінде 64 тест, 96 тест болуы тиіс. Әр планшет 16 пациент үлгісіне дейін жұмысқа алып, өңдей алады, ал әр цикл үшін құрылғыға 2 планшет жүктеліне алады. Нуклеин қышқылдарын экстракциялау үшін арнайы ерітінділермен (лизис, жуу, сұйылту (элюция ерітіндісі) ерітінділері) алдын – ала толтырылған әр үлгі үшін 6 ұяшық қолданылады. Нуклеин қышқылдары бар жасуша лизисі мен элюциясы процесстерін жүзеге асыру үшін қызу температурасы: бөлме температурасынан 120°C-қа дейін. Магниттік бөлшектер планшеттің 1-ші және 7-ші қатарында орналасқан. Жинақ Proteinase K ферментін қосуды қажет етпейді. Бір ұяшықта 450-ден 825 мкл-ге дейін лизис ерітіндісі (бір үлгіге 1 ұяшық), бір ұяшыққа 400-ден 800 мкл дейін жуу ерітіндісі (бір үлгіге 3 ұяшық), бір ұяшыққа 50-ден кем емес 80 мкл-ден артық емес элюцияға арналған ерітінді (бір үлгіге 1 ұяшық) сәйкес келеді. Жиынтықта кара түсті вакуумды стерильді қаптамада орналасқан магнитті өзектерге арналған жеке бір реттік жеңдер бар. ДНҚ/РНҚ экстракция уақыты 10 минуттан кем емес, 20 минуттан артық. Бөлінген ДНҚ/РНҚ-ны планшетте сақтау мүмкіндігі - 20°C. Қолданылатын үлгі көлемі-200 мкл. Әр планшет үшін әр циклде шығарылатын үлгілердің санына қарамастан, 2 араластырғыш саптама қажет. Элюция буфері экстракцияға арналған планшетте алдын-ала толтырылған.</p> <p>Сақтау шарттары: жинақ бөлме температурасында, шығарылған күннен бастап 12 ай бойы тұрақты түрде сақталады.</p>

(Кімге) \_\_\_\_\_  
(тапсырыс берушінің, сатып алуды немесе бірыңғай  
дистрибьютордың атауы)

### Тендерге қатысуға өтінім

\_\_\_\_\_ (әлеуетті өнім берушінің атауы),  
тендер өткізу жөніндегі хабарландыруды/ тендерлік құжаттаманы қарап,  
№ \_\_\_\_\_.

\_\_\_\_\_ (тендердің атауы)

осы арқылы алуды куәландыратын (егер тендерлік құжаттама алынса, көрсетіледі),  
осы өтініммен мынадай лоттар бойынша хабарландыру шарттарына/тендерлік  
құжаттамаға сәйкес дәрілік заттарды/медициналық бұйымдарды/фармацевтикалық  
көрсетілетін қызметтерді беруді:

- 1) \_\_\_\_\_ (лот нөмірі) \_\_\_\_\_  
(дәрілік заттарды/медициналық бұйымдарды/фармацевтикалық  
көрсетілетін қызметтерді егжей-тегжейлі сипаттау)
- 2) \_\_\_\_\_ (лот нөмірі) \_\_\_\_\_  
(дәрілік заттарды/медициналық бұйымдарды/фармацевтикалық  
көрсетілетін қызметтерді егжей-тегжейлі сипаттау)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысымен  
бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді  
тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті  
әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық  
көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларында  
көзделген талаптарға сәйкес жүзеге асыруға келісімін білдіреді.

Әлеуетті өнім беруші Қағидаларда көзделген талаптармен және шарттармен  
танысқанын және конкурстық комиссияға өзінің құқықтылығы, біліктілігі, медициналық  
техниканы берудің сапалық және өзге де сипаттамалары туралы дәйексіз мәліметтер  
бергені үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында  
көзделген өзге де шектеулер жөніндегі жауапкершілік туралы хабардар етілгенін  
растайды.

Әлеуетті өнім беруші осы өтінімдегі мәліметтердің және оған қоса берілетін  
құжаттардың анықтығын растайды:

р/с №	Құжат атауы	Парақтар саны
-------	-------------	---------------

Осы өтінім тендердің қорытындылары шығарылғанға дейін жарамды.

Тендерлік өтінімге атынан және тапсырмасы \_\_\_\_\_  
(әлеуетті өнім берушінің атауы) бойынша қол қоюға өкілеттігі бар тұлғаның  
лауазымы,

Т. А. Ә. (бар болса) және қолы

Мөрі (бар болса) " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Осы Тендерлік құжаттамаға  
4-қосымша  
ҚР ДСМ 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ -113 бұйрығына  
5-қосымша  
Нысан

**Әлеуетті өнім берушінің өтініміне қоса берілетін құжаттар тізімі**

№	Құжаттың атауы	Күні мен нөмірі	Қысқаша мазмұны	Құжатқа қол қойған кім (Т.А.Ә. және лауазымын көрсету)	Түпнұсқа, көшірме, нотариалды куәландырылған көшірмесі (керекін көрсету)	Парақтың нөмірі
---	----------------	-----------------	-----------------	--	--	-----------------



**Дәрілік заттарды немесе медициналық бұйымдарды беруге**

\_\_\_\_\_ (әлеуетті өнім берушінің атауы) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы

Сатып алу № \_\_\_\_\_  
Сатып алу тәсілі \_\_\_\_\_  
Лот № \_\_\_\_\_

р/с №	Дәрілік затты/медициналық бұйымды беруге баға ұсынысының мазмұны	Мазмұны (әлеуетті өнім беруші толтыру үшін)
1	Бірыңғай дистрибьютордың Тізбесіне сәйкес дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның атауы (халықаралық патенттелмеген атауы немесе құрамы)	
2	Бірыңғай дистрибьютордың Тізбесіне сәйкес сипаттамасы	
3	Бірыңғай дистрибьютордың Тізбесіне сәйкес өлшем бірлігі	
4	Бірыңғай дистрибьютордың Тізбесіне сәйкес сатып алу бағасы	
5	Тіркеу куәлігінің (куәліктердің)/біржолғы әкелуге рұқсаттың №	
6	Дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның саудалық атауы	
7	Тіркеу куәлігі/біржолғы әкелуге рұқсат бойынша дәрілік нысаны (шығару нысаны)	
8	Өндіруші, бір жолғы әкелуге тіркеу куәлігі/рұқсат бойынша шыққан елі	
9	Өндіруші бір жолғы әкелуге тіркеу куәлігі/рұқсат бойынша өлшем-орау (қаптамадағы өлшем бірліктерінің саны)	
10	Тіркеу куәлігі/бір жолғы әкелуге рұқсат/Бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасы бойынша өлшем бірлігі	
11	Жеткізу пунктіне(теріне) дейін DDP ИНКОТЕРМС 2020 беру шарттары бойынша теңгемен бірлік бағасы	
12	Өлшем бірлігіндегі саны (көлемі)	
13	Әлеуетті өнім берушінің тасымалдауға, сақтандыруға, кедендік баждарды, ҚҚС-ты және басқа да салықтарды, төлемдер мен алымдарды төлеуге арналған барлық шығыстарын, басқа да шығыстарды қоса алғанда, жеткізу пунктіне(теріне) дейін DDP ИНКОТЕРМС 2020 беру шарттарымен теңгемен жеткізу сомасы	
14	Беру графигі	

\* әлеуетті өнім берушінің бағасы көрсетіледі және Бірыңғай дистрибьютордың үстеме бағасын ескере отырып, веб-портал автоматты түрде баға қалыптастырад

Күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Лауазымы, Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_

Қолы

\_\_\_\_\_ Мөрі (бар болса)

Осы Тендерлік құжаттамаға  
6-қосымша  
Сатып алуды ұйымдастырушыға, Тапсырыс берушіге арналған  
нысан

Шығ. № \_\_\_\_\_  
Күні \_\_\_\_\_

Кімге: \_\_\_\_\_  
(сатып алуды  
ұйымдастырушының, тапсырыс  
берушінің атауы мен  
деректемелері)

**Банктік кепілдік (тендерлік немесе конкурстық өтінімді қамтамасыз ету) Банктің  
атауы (банк филиалы)**

\_\_\_\_\_ (атауы, БСН және банктің басқа деректемелері)  
**Кепілдікті қамтамасыз ету № \_\_\_\_\_**

\_\_\_\_\_ "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл  
Банк (банк филиалы) \_\_\_\_\_ (атауы) (бұдан әрі – Банк)  
\_\_\_\_\_ (атауы) бұдан әрі "Әлеуетті өнім беруші"

\_\_\_\_\_ (Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының/Бірыңғай дистрибьютордың  
атауы)

\_\_\_\_\_ жарияланған \_\_\_\_\_ (хабарландырудың күні, айы, жылы) сатып алу  
бойынша тендерге/конкурса қатысатыны және жалпы сомасы \_\_\_\_\_  
(жазумен) теңгеге, оның ішінде (бірнеше лот бойынша сатып алуға қатысқан кезде)

\_\_\_\_\_ (тауардың атауы және көлемі)  
қызмет көрсетуді (қызметтің атауы)/беруді жүзеге асыруға дайын екендігінен  
хабардар етілді :

1) № \_\_\_\_\_ лот бойынша (хабарландырудағы/сатып алу веб-порталындағы нөмірі) –  
мынадай мөлшерде \_\_\_\_\_ (сомасы санмен және жазумен) теңге;

2) ...

Осыған байланысты Банк \_\_\_\_\_ (банктің атауы)

Бірыңғай дистрибьютордың бірінші талабымен сатып алу веб-порталындағы  
электронды түрдегі талапты қоса алғанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021  
жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық  
бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген  
көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру  
жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды  
ұйымдастыру және өткізу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген негіздер  
бойынша төлемге қойылатын талапты алғаннан кейін № \_\_\_\_\_ лот бойынша \_\_\_\_\_ (сомасы  
санмен және жазумен) теңге, лот № \_\_\_\_\_ сомаға \_\_\_\_\_ (сомасы санмен және жазумен)  
теңге \_\_\_\_\_ (сомасы санмен және жазумен) тең 1 (бір) пайыз мөлшерінде кепілдікті  
қамтамасыз ету сомасын төлеуге кері қайтарылмайтын міндеттемені өзіне алады.

Осы кепілдік Әлеуетті өнім берушінің тендерлік өтінімін ашқан сәттен бастап күшіне  
енеді және ол бойынша Қағидаларға сәйкес мәні бойынша шешім қабылданғанға дейін,  
ал Әлеуетті өнім беруші сатып алу жеңімпазы деп танылған жағдайда, ол жасалған шарт  
бойынша тиісті кепілдік қамтамасыз етуді ұсынғанға дейін қолданылады.

Банктің уәкілетті адамдарының қолдары  
(лауазымы мен Т.А.Ә. көрсетіліп)

Банк мөрі

**Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алудың үлгі шарты (тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында)**

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_ ж.

Орналасқан жері \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Тапсырыс беруші" деп аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (Тапсырыс берушінің толық атауы) \_\_\_\_\_ атынан уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) бір тараптан және бұдан әрі "Өнім беруші" деп аталатын \_\_\_\_\_ (Өнім беруші – тендер жеңіпазының толық атауы)

\_\_\_\_\_ атынан уәкілетті адамның лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) \_\_\_\_\_ (Жарғының, Ереженің) негізінде әрекет ететін екінші тараптан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 маусымдағы № 375 қаулысымен бекітілген Дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды және арнайы емдік өнімдерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сатып алуды, фармацевтикалық көрсетілетін қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар), № \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылы (сатып алу затын көрсету) сатып алу бойынша \_\_\_\_\_ тәсілмен (тәсілін көрсету) сатып алу қорытындылары туралы хаттаманың негізінде осы Дәрілік заттарды және (немесе) медициналық бұйымдарды сатып алу шартты/Фармацевтикалық қызметтер көрсетуге арналған шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді:

1-тарау. Шартта қолданылатын терминдер

1. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) Шарт – Тапсырыс беруші мен Өнім берушінің арасында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жасалған, жазбаша нысанда тіркелген, Тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ Шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

2) Шарттың сомасы – Тапсырыс берушінің Өнім берушіге Шарттың шеңберінде Бірыңғай дистрибьюторға өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлеуі тиіс сома;

3) тауарлар – Өнім беруші Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарына сәйкес беруі тиіс дәрілік заттар және (немесе) медициналық бұйымдар және ілеспе көрсетілетін қызметтер;

4) ілеспе көрсетілетін қызметтер – тасымалдау және сақтандыру сияқты тауарларды беруді қамтамасыз ететін көрсетілетін қызметтер және Өнім берушінің Шартты орындауға бағытталған басқа да міндеттерін қамтитын, монтаждау, іске қосу, техникалық жәрдем көрсету, оқыту және басқа да қосалқы көрсетілетін қызметтер;

5) Тапсырыс беруші – облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары, медициналық қызметтер көрсететін әскери-медициналық (медициналық) бөлімшелер, ведомстволық бөлімшелер (ұйымдар), сондай-ақ тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілері;

6) Өнім беруші – Тапсырыс берушімен жасалған сатып алу туралы Шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін және Шарт талаптарында көрсетілген тауарларды беруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2-тарау. Шарттың мәні

2. Өнім беруші тауарды Шарттың талаптарына сәйкес, осы Шартқа қосымшаларда айқындалған мөлшерде және сапада беруге, ал Тапсырыс беруші оны қабылдауға және Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге міндеттенеді.

3. Төменде санамаланған құжаттар және оларда келісілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы Шарт;

2) сатып алынатын тауарлардың тізбесі;

3) техникалық ерекшелік;

4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету (бұл тармақша егер тендерлік құжаттамада немесе Қағидаларда Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу козделсе көрсетіледі).

3-тарау. Шарттың бағасы және төлемі

4. Шарттың бағасы (ММ үшін бюджеттік бағдарламаға/ерекшелікке сәйкес тауарлардың атауын көрсету) \_\_\_\_\_ теңгені (соманы санмен және жазумен көрсету) құрайды және Өнім берушінің оның тендерлік өтінімінде көрсеткен бағасына сәйкес келеді.

5. Өнім берушіге берілген тауарлар үшін акы төлеу мынадай шарттарда жүргізіледі:  
Төлем түрі \_\_\_\_\_ (аудару, қолма-қол есеп айырысу, аккредитив және өзге де төлемдер)

Төлеу мерзімі: \_\_\_\_ (мысалы: % кейін тауарды тағайындалған пунктте қабылдағаннан немесе алдын ала төлем немесе өзгелер).

6. Төлем алдындағы қажетті құжаттар:

1) шарттың көшірмесі немесе Өнім беруші ұсынатын және оның мәртебесін растайтын өзге де құжаттар

өндірушінің, ресми дистрибьютордың не өндірушінің ресми өкілінің;

2) \_\_\_\_\_ (шот-фактура немесе қабылдау-беру актісі).

4-тарау. Тауарды беру және қабылдау шарттары

7. Шарт шеңберінде берілетін тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе олардан жоғары болуы тиіс.

8. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың немесе оның қандай да бір ережелерінің, сондай-ақ Тапсырыс беруші немесе осы Шартты орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналды қоспағанда, оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың, жоспарлардың, сызбалардың, модельдердің, үлгілердің немесе ақпараттың мазмұнын ешкімге ашпауға тиіс.

Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қаншалықты қажет болса, сондай шамада берілуге тиіс.

9. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда аталған қандай да бір құжаттарды немесе ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға тиіс.

10. Өнім беруші тауарларды соңғы межелі пунктіне тасымалдау кезінде олардың бүлінуінен немесе бүлінуінен алдын алатын орауды қамтамасыз етуге тиіс.

Қаптама қандай да бір шектеусіз қарқынды көтеру-тасымалдау өңдеуіне және тасымалдау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның, сондай-ақ ашық сақтаудың әсеріне төзуі тиіс.

Буып-түйілген жәшіктердің габариттерін және олардың салмағын айқындау кезінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстығын және тауарларды алып жүрудің барлық пункттерінде қуатты жүк көтергіш құралдардың болуын ескеру қажет.

11. Жәшіктерді буып-түю және таңбалау, сондай-ақ оның ішіндегі және сыртындағы құжаттама Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес келуі тиіс.



12. Тауарларды беруді Өнім беруші сатып алынатын тауарлар тізбесінде айтылған Тапсырыс берушінің/сатып алуды ұйымдастырушының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

13. Өнім беруші тауарларды тендерлік құжаттамаға қосымшада көрсетілген межелі пунктке дейін жеткізуге тиіс. Бұл тауарларды межелі пунктке дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және төлейді, ал осыған байланысты шығыстар Шарттың бағасына енгізіледі.

5 тарау. Медициналық техниканы беру және қабылдау ерекшеліктері

14. Берілетін медициналық техникаға кепілдікті сервистік қызмет көрсету орнатылғаннан және пайдалануға берілгеннен кейін 37 (отыз жеті) ай ішінде жарамды, осы кезең ішінде кепілдікті сервистік қызмет көрсету құны Шарттың бағасына енгізілген және өзіне регламенттік және жөндеу жұмыстарын, сондай-ақ бұл ретте дайындаушы зауыт өндірген пайдаланылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарды қамтиды. Бұл ретте кепілді сервистік қызмет көрсету медициналық техниканың тораптары мен жинақтауыштарының сынуы, жөнделуі, ауыстырылуы себебінен тоқтап тұру кезеңіне мөлшерлес мерзімге ұзартылады немесе Тапсырыс берушіге көрсетілген кезеңге Өнім беруші осыған ұқсас жұмыс істейтін медициналық техниканы ұсынады.

15. Осы Шарт шеңберінде Өнім беруші тендерлік құжаттамада көрсетілген қызметтерді ұсынуы тиіс.

16. Ілеспе қызметтердің бағасы Шарттың бағасына кіреді.

17. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Өнім беруші дайындайтын немесе өткізетін қосалқы бөлшектер туралы ақпаратты, атап айтқанда Тапсырыс беруші Өнім берушіден сатып алу үшін таңдай алатын және кепілдік мерзімі өткеннен кейін оларды пайдалана алатын қосалқы бөлшектердің құны мен номенклатурасын ұсынуды талап ете алады.

18. Өнім беруші қосалқы бөлшектерді өндіруді тоқтатқан жағдайда:

а) Тапсырыс берушіге қажетті мөлшерде қажетті сатып алуды жүргізуге мүмкіндік беру үшін өндірістің алдағы тоқтауы туралы алдын ала хабарлауы;

б) қажет болған жағдайда өндіріс тоқтатылғаннан кейін Тапсырыс берушіге қосалқы бөлшектерге жоспарларды, сызбаларды және техникалық құжаттаманы тегін беруі тиіс.

19. Өнім беруші Шарт шеңберінде берілген тауарлардың:

1) егер шартта өзгеше көзделмесе, конструкциялар мен материалдардың барлық соңғы модификацияларын көрсететін жаңа, пайдаланылмаған, ең жаңа не сериялық модельдер болып табылатынына;

2) Тапсырыс берушінің елі үшін әдеттегі жағдайларда берілген тауарларды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

20. Тапсырыс беруші ұсынған техникалық ерекшелікке қатаң сәйкестікте Өнім беруші дайындаған конструкцияларда, материалдарда ақаулар пайда болған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі олқылықтары үшін жауапты болмайды.

21. Бұл кепілдік тауарлардың бүкіл партиясын немесе оның бір бөлігін нақты жағдайға байланысты жеткізгеннен және оларды Шартта көрсетілген соңғы межелі пунктте қабылдағаннан кейін \_\_\_\_\_ күн ішінде жарамды (кепілдіктің талап етілетін мерзімі көрсетілсін).

22. Тапсырыс беруші осы кепілдікке байланысты барлық наразылықтар туралы Өнім берушіні жазбаша түрде жедел хабарлар етуге міндетті.

23. Тауардың істен шығуы туралы хабарламаны алғаннан кейін Өнім беруші хабарламаны алған кезден бастап 72 (жетпіс екі) сағаттан аспайтын мерзімде болжамды жөндеудің себептерін, мерзімдерін айқындау үшін білікті маманның жергілікті жерге шығуын қамтамасыз етуге тиіс. Өнім беруші дайындаушы зауыт өндірген қосалқы бөлшектер мен тораптарды пайдалана отырып жөндеу немесе Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір шығыстарсыз ақаулы тауарды немесе оның бөлігін ауыстыруды бір ай ішінде жүргізуге тиіс.



24. Егер Өнім беруші хабарламаны алып, бір ай ішінде ақауды(ларды) түзетпесе, Тапсырыс беруші Өнім берушінің есебінен және Тапсырыс берушінің Өнім берушіге қатысты Шарт бойынша иелене алатын басқа құқықтарына қандай да бір залалсыз ақауларды түзету бойынша қажетті санкциялар мен шараларды қолдана алады.

25. Екі тарап қол қойған жазбаша өзгерістерді қоспағанда, Шарт құжаттарына ешқандай ауытқуларға немесе өзгерістерге (сызбалар, жобалар немесе техникалық ерекшеліктер, тиеп-жөнелту, буып-түю әдісі, жеткізу орны немесе Өнім беруші ұсынатын қызметтер және өзгелер) жол берілмейді.

26. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша тауарлардың кез келген бөлігін беру үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, онда шарттың бағасы немесе беру графигі немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің осы баптың шеңберінде түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуға тиіс.

6-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

27. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін біреуге толықтай да, ішінара да бермеуге тиіс.

28. Тауарларды беруді және қызметтерді көрсетуді Өнім беруші баға кестесінде көрсетілген кестеге сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

29. Өнім беруші тарапынан жеткізілімді орындауды кешіктіру Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ұстап қалуға және тұрақсыздық айыбын төлеуге алып келеді.

30. Егер Шартты орындау кезеңінде Өнім беруші кез келген сәтте тауарларды уақтылы беруге кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіге кідіріс фактісі, оның болжамды ұзақтығы және себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Өнім берушіден хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс беруші жағдайды бағалауға тиіс және бюджеттік бағдарлама әкімшісімен келісім бойынша Өнім берушінің Шартты орындау мерзімін ұзарта алады. Мұндай жағдайда мұндай ұзартуды тараптар Шартқа түзетулер енгізу арқылы ратификациялауға тиіс.

31. Форс-мажор жағдайларды қоспағанда, егер Өнім беруші тауарларды Шартта көзделген мерзімдерде бере алмаса, Тапсырыс беруші Шарт шеңберінде өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, Шарттың бағасынан жеткіліксіз берілген немесе мерзімі бұзылып берілген тауар сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшеріндегі соманы тұрақсыздық айыбы түрінде шегереді.

32. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажор жағдайлардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе Шарттың талаптарын орындамауына байланысты оны бұзуга жауапты болмайды.

33. Шарттың мақсаттары үшін форс-мажор Тараптың жаңсақтығына немесе салғырттығына байланысты емес және бұл жағдайлар Тараптардың кез келгенінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеген жағдайда, Тараптардың кез келгенінің бақылауына бағынбайтын күтпеген сипатқа ие (дүлей зілзалалар, міндеттемелерді орындауға тыйым салатын немесе қандай да бір өзгеше түрде кедергі келтіретін мемлекеттік органдардың нормативтік актілерін немесе өкімдерін шығару) оқиғаны білдіреді.

34. Форс-мажор жағдайлар туындаған кезде, олар туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар және олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жібереді және форс-мажор жағдайлар туындаған кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде олардың туындағанын тиісті құжаттармен растайды. Бұл жағдайда Шарттың қолданылуы форс-мажор жағдайлар тоқтатылғанға дейін тоқтатыла тұрады және Шарттың қолданылу мерзімі форс-мажор жағдайлардың қолданылу мерзіміне сәйкес ұзартылады. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз ретінде жоғарыда көрсетілген жағдайлардың кез келгеніне сілтеме жасау құқығынан айырады.



35. Егер форс-мажор жағдайлар күнтізбелік бір айдан астам уақытқа созылса, Тараптар бұл туралы жазбаша келісім жасасу жолымен Шарттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы. Бұл ретте Тараптар нақты берілген тауар үшін өзара есеп айырысуды жүргізеді.

36. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты кез келген уақытта бұза алады. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және егер Шартты бұзу зиян келтірмесе немесе іс-әрекеттерді жасауға немесе Тапсырыс берушіге қойылған немесе кейіннен қойылатын санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қозғамаса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

37. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс.

Шарт осындай жағдайларға байланысты күшін жойған кезде Өнім беруші Шартты бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерін салуға тиіс.

38. Егер осындай келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

39. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар мен олардың қызметкерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірілесіп орындаушылары) Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзатын не бұзуға ықпал ететін әрекеттерді жасамайды, оларды жасауға ынталандырмайды, сондай-ақ Шартқа қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды сақтайды деп сендіреді.

7-тарау. Құпиялылық

40. Шарттың қолданысының нәтижесінде бір Тараптың екінші Тарап үшін ұсынған ақпараты Шарттың уақыты біткеннен кейін немесе бұзғаннан кейін 3 (үш) жылға дейін құпия болып табылады, мынадай жағдайлардан басқа, егер ақпарат:

1) ашу кезінде жұртшылықтың қолы жетімді;

2) жария етілгеннен кейін екінші Тарапқа жария етуші Тарап Шартты жариялау жолымен немесе өзгеше түрде бұзбай (мемлекеттік, құқық қорғау және сот органдарының сұрау салулары бойынша ұсыну жолымен) жария пайдалануға түссе;

3) басқа Тарап ашу кезінде Тараптардың иелігінде болып және осындай Тараптан тікелей немесе жанама алынбаса;

4) үшінші тараптан алынды, алайда мұндай ақпарат құпиялылықты кепілдендіретін Тараптан тікелей немесе жанама ұсынылмаса;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сотқа, мемлекеттік органдарға, жеке сот орындаушыларына ұсынылса құпия болып табылмайды.

41. Шартқа сәйкес өзінің міндеттемелерін растайтын Тарап осындай міндеттемелерді бұзуды белгілеген жағдайда өзіне дәлелдеу ауыртпалығын жүктейді.

8-тарау. Қорытынды ережелер

42. Шарт қазақ және орыс тілдерінде жасалады. Егер Шарттың екінші тарабы шетелдік ұйым болып табылған жағдайда, екінші данасы Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасына сәйкес тілге аударылуы мүмкін. Шартты сот тәртібімен қарау қажет болған жағдайда шарттың қазақ немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Тараптар



алмасатын Шартқа қатысты барлық хат алмасу және басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес келуге тиіс.

43. Шартқа сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жіберетін кез келген хабарлама кейіннен түпнұсқасы беріле отырып, хат, жеделхат, телекс немесе факс түрінде жіберіледі.

44. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе күшіне енудің көрсетілген күні (егер хабарламада көрсетілсе) осы күндердің қайсысы кешірек болатынына байланысты күшіне енеді.

45. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

46. Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді тендерлік құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда енгізуге міндетті.

45. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін) не Тараптар қол қойғаннан және Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер үшін): \_\_\_\_\_.

47. Осы тауарды сатып алу Шарты Тапсырыс берушінің дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды жүзеге асыруы процесінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Тапсырыс берушінің тендерлік құжаттамасына, Өнім берушінің тендерлік өтініміне және тендер қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес келуге тиіс.

9-тарау. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Тапсырыс беруші:

Өнім беруші:

БСН Заңды мекенжайы:

Банктік деректемелер

Телефон, e-mail

Лауазымы \_\_\_\_\_

Қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

Мөрі (бар болса)

БСН Заңды мекенжайы:

Банктік деректемелер

Телефон, e-mail

Лауазымы \_\_\_\_\_

Қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

Мөрі (бар болса)

Дәрілік заттарды және (немесе)  
медициналық бұйымдарды сатып алудың үлгі шартына  
(тапсырыс беруші мен  
өнім беруші арасында)  
қосымша

### Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптар

1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар мен олардың қызметкерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірілесіп орындаушылары) Қазақстан Республикасының, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұзатын не бұзуға ықпал ететін әрекеттерді жасамайды, оларды жасауға ынталандырмайды, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе

құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді деп сендіреді.

2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде, сондай-ақ осы Шартты жасасуға немесе тоқтатуға байланысты Тараптар мен олардың жұмыскерлері және Тараптарға белгілі болғандай, олардың үлестес тұлғалары, агенттері, өкілдері, делдалдары және (немесе) қосалқы мердігерлері (бірлесіп орындаушылары) осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада қолданылатын пара беру/алу, коммерциялық сатып алу сияқты әрекеттерді, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайтындығына сендіреді.

3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

4. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан осы Шарттың орындалу барысын талдау мақсатында осы Шарттың орындалуы жөніндегі мәліметтерді қамтитын кез келген құжаттарды сұратады.

5. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етеді.

6. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның үлестес тұлғаларының, жұмыскерлерінің, агенттерінің, өкілдерінің, делдалдардың және (немесе) қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзу болғанын немесе болуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын, қолданылатын заңнамада пара беру немесе алу, коммерциялық сатып алу ретінде сараланатын әрекеттерден, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын бұзатын әрекеттерден көрінетін фактілерге сілтеме жасайды немесе материалдарды ұсынады.

7. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне болжалды түрде тартылған контрагенттермен іскерлік қатынастардың болуын барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

8. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптардың 5-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама алған Тарап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде тергеу жүргізеді және оның нәтижелерін екінші Тараптың атына береді.

